

Мемлекеттік қызметтер бойынша 2024 жылғы есеп

Жалпы ережелер.

Көрсетілетін қызметті беруші туралы мәліметтер.

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің Малтабар ауылының Перуаш Кәрімұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Тайбай округі, Малтабар ауылы, Бөгенбай көшесі, 15 үй, индекс 020800 мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсетуге жауапты тұлғалар:

Мектеп директорының м.а.- Касенова Нургуль Бегендыковна

Директордың ТІ жөніндегі орынбасары - Омарова Маржан Бабаевна

2) Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат.

Мектепте 2024 жылы реестр бойынша мемлекеттік қызметтің 6 түрінен қызмет көрсетті. Жалпы 40 қызмет көрсетіліп, оның электронды үкімет порталы арқылы-26, қағаз нұсқасында көрсетілген мемлекеттік қызметтер- 10, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген – 2, Бас тарту саныны-0.

Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары негізінде көрсетіледі.

Ең көп сұранысты қажет ететін

1. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережесі бойынша – 18 қызмет көрсетілді,

2. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережесі бойынша – 10 қызмет көрсетілді.

3. "Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережесі бойынша – 1

4. "Құжаттарды қабылдау және балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережесі бойынша- 9

5. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша-0

Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау бойынша - 2

3) Қызмет алушылармен жұмыс.

1) Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

Мемлекеттік қызмет көрсету ақпараттарын «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Малтабар ауылының Перуаш Кәрімұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің ақпараттарға арналған қабырға стендтерінен алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті ақпарат мектептің ресми интернет ресурсында орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жұмыс істейді.

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау туралы ақпарат.

Қазіргі уақытта заңға тәуелді және құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау ашық нормативтік-құқықтық актілердің интернет-порталында жүзеге асырылады.

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Малтабар ауылының Перуаш Кәрімұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің мемлекеттік қызмет көрсету стандартының жобалары көпшілік алдында талқыға түспеді.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және басқалар).

2024 жылы көрсетілетін қызметті алушыларды БАҚ және әлеуметтік желілерде 0 тікелей эфир өткізді. Көрсетілетін қызметті берушілердің интернет-ресурстары арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы хабардар ету бойынша жұмыс жүргізіледі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру жөніндегі қызмет.

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету процесстерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында облыстағы барлық мектепке дейінгі орта, арнаулы білім беру ұйымдары Ақмола.kz бірыңғай ақпараттық жүйесінде жұмыс істейді. Жүйеде 4 автоматтандырылған мемлекеттік қызмет іске асырылады.

Сондай-ақ барлық білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ҚР БҒМ ММ АЖО жүйесі жұмыс істейді, онда 24 мемлекеттік қызмет қолжетімді.

2) Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс шаралар.

Білім беру саласында қажетті компьютер техникамен қамтамасыз етілген бұрыш қызмет атқарады.

Халықты ақпараттандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

4. Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына одан әрі тиімділігі мен қанағаттанушылығын арттыру перспективалары.

Көрсетілетін қызметті алушылардың қанағаттанушылығын және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында 2025 жылға ҚР заңнамасын сақтау мәселесі бойынша бақылау іс-шараларының жоспары бекітілді.

2025 жылы мектепте және ведомстволық бағынысты ұйымдар жеке және заңды тұлғаларды қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

